

## **Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар**



## **Социально-гуманитарные науки**



## **Social and humanitarian sciences**

FTAMP 21.31.35

**Б. Аташ ( orcid -0000-0003-1893-3506)***Филос. ғылым. канд., доцент**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
e-mail: tairova.b@list.ru***АТА-БАБА ДӘСТҮРІНІҢ ДІНИ ЖӘНЕ ДІНИ СЕНІМДІК ҚЫРЛАРЫ**

**Аннотация.** Мақалада халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр мен наным-сенімдердің ұлт тарихы мен мәдениетінде алар орнын, ерекшелігін таныту болып отыр. Күні бүгінге дейінгі аралықта сол қалыптасқан ырым-тиымдарды қастерлеп ұстау арқылы ұрпақтан-ұрпаққа өз жалғасын тауып келетін киелі үрдіс екенін әлеуметтік философия негізінде саралауға басымдық берілді. Ендеше, осы наным мен сенімнің қалыптасу тарихын жан-жақты саралай отырып, оның бір діни өлшемдерге негізделген құрылымдық жағына баса назар аударылып, ескерілді.

**Тірек сөздер:** мифология, дін, сенім, философия, генезис.

**Кіріспе.** Әрбір ұлттың тарих өтінде қалыптасқан кезеңдері мен қатар сол ұлттың дүниетанымы қатар дамитыны анық. Ендеше ең көне ұлттарға біз парсы, еврей, араб, армян т.б ұлттарды жатқызсақ, беріде қалыптасқан ұлттарға қазақ, өзбек, әзербайжан т.б ұлттарды айтсақ болады. Ендеше, осы ұлттардың тарих сахнасында өзіндік даму сатысымен ерекшеленетіні анық. Әрбір ұлттың әлемге өзіндік көзқарас пен дүниетанымдық қырларымен ерекшеленетіні анық. Сол ұлттардың танымы мен тіршілігі міндетті түрде белгілі бір дәстүр мен әдет-ғұрыпқа негізделгенін көреміз. Дәстүр мен әдет-ғұрып бұл әлемдік діндер қалыптасқанға дейін көрініс тапқанын айтсақ болады. Кез келген ұлттың дүниетанымына жергілікті халықтың ұстанымы оның шегаралас жатқан елдермен өзара мәдени, рухани, саяси байланыстарының арқасында белгілі бір танымдық жүйені қалыптастырғаны белгілі. Ұлтқа тән ерекшелік көне сеніммен астасатыны анық.

Ата-баба дәстүрінің көпқұрылымдылығы аталған тақырыпты ашу үшін оның діни сенімдік негіздеріне және діни құрылымына шолу жасауды қажет етеді. Жалпы алғанда, «салт-дәстүр мен әдет-ғұрып институты алдымен қалай қалыптасты» деген сауал төңірегінде мәселе қозғау біз ұмтылып отырған мақсаттарды жүйелі қолға алудың бастапқы сатысы болып табылады. Күрделі жүйенің қалыптасу мен даму құрылымы тек бірнеше ғасырлардың жемісі емес, ол мыңдаған жылдар бойғы дүниетаным мен ділдің нақты нәтижесі әрі соның өзінің көрінісі болып шығады. Осыған орай, ата-баба салтының генезисіне үңілу оның діни сенімдік қырлары мен діни жүйедегі байланысын ашып береді.

**Зерттеу әдісі.** Дәстүр мен діни сенім арасындағы тығыз байланыстың өзіндік ерекшелігі ескеріліп, ата-баба дәстүрінің діни және діни сенімдік қырларын ашқанда, оның генезисіне тоқталу арқылы тарихилық пен логикалықтың бірлігі философия тарихы негізінде ашылды.

**Негізгі бөлім.** Біріншіден, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып жүйесінің қалыптасуы мен дамуына оның географиялық ортасы, физикалық кеңістігі ықпал еткен деп пайымдай аламыз. Осы орайда, И. Ахметовтың түсіндіруі бойынша бұл дала заңы мен жаугершілік өмірді де қамтиды, мифологиялық танымды жинақтайды: «Тәндік шынығу мен рухани жетілу араластығының дуалистік позициясын басшылыққа алған принциптердің тарихи-

философиялық негіздері ұсынылып, оның инструменттері мен идеологиялық құралдары көрсетілді: салт-дәстүр мен әдет-ғұрып канондары, мифтік және діни салттар, тұрмыс қалыптарының ерекшеліктеріне байланысты бейімделу, көшпелілік өмір стилін қабылдау өлшемдері, жаугершілік заман талабына сай тұлға қалыптастырудың методологиясы т.б. бүгінгі заманға байланысты түрде қазақ азаматына лайықты сапа ретінде бағамдалды» [1,8б.].

Себебі, сайын далада өмір сүру, тіршілік ету және өзіне қолайлы жағдайлар жасау сайып келгенде, осы дәстүр құрылымын негіздеуге алып келді. Мәселен, ат спортының түрлері, мал шаруашылығына байланысты қалыптасқан салттар т.б. халқымыздың географиялық жағынан кең далада орналасуымен келіп ыңғайын тауып жатты.

Екіншіден, оны белгілі бір тұлғалар мен халықтың зиялылары, дала данышпандары өзіндік талқылау мен сараптаудан өткізе келе бекітті деген пікірлерді де жоққа шығаруға болмайды. Осы тұста, Қ. Ермеков пен Б.М. Аташтың «Қорқыт ата – ойшыл философ» деген еңбегіндегі Қорқыт атаның салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты жүйелеуші қызметте болғандығы туралы пікірлері де дәстүршілдіктің өркендеуіне тұлғалық субъектілердің өзіндік ықпалы болған деген пікірді қуаттай түседі: «Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың сан ғасырлар бойғы даму тарихындағы сұрыпталу, жүйелену, жетілу, сынға ұшырау процестерін бастан кешірген және оның халықтың өмір сүру бағдары іспетті сипатын түсінген Қорқыт Ата оны өткен ұрпақтан қабылдап алушы және бұлжытпай сақталуын кең көлемде уағыздаушы тұлға ретінде тынылып қана қоймай, ақыл-кенестері арқылы толықтырушылық, жүйелеушілік қызмет те атқарды», -десе [2,45б.], А. Айдосов бұл мәселені былайша пайымдайды: «Ас-той үстінде мүше беру Қорқыт заманынан бастау алған дәстүр. Қорқыт малдың басы мен жамбасын жасы үлкен құрметті адамға, құлақты отбасындағы кенже балаға, таңдайды шешен бол деп үлкен ұлға, көзді бойжеткен қызына қара деген ниетпен шешесіне береді» [3,37б.].

Немесе тарихи оқиғалар негізінде жазылған «Бейбарыс» фильмінде: «Қымыз ішу бұдан былай бұл елдің салтына айналсын» деп жарлық етуі де жеке тұлғалардың салт-дәстүрді қалыптастырудағы ролін айғақтап береді. Немесе А. Яссауидің де дәстүрді орнықтырушылық қызметі мен ислам дініндегі ғалымдардың ижидиһат, пәтуә шығаруы да белгілі бір таласты мәселелерді жүйелейді, ол ақылға қонымды болса, оны халық қабылдап, дәстүрге айналдырып жібереді деп айта аламыз.

Үшіншіден, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың шығу тегі мен қалыптасуының бір маңызды тетігі діни сенімдер мен дәстүрлі діндер болып табылады деп пайымдай аламыз. Әрине, ол түгелдей дерлік сенімдерге, дінге қатысы болмаса да, көп жағдайда оны басшылыққа алады. Сондықтан біз осы тұста, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрдің дінмен арақатынасының ерекшеліктерін жүйелеп алуымыз қажет.

1. Діни сенімдер ата-салтын қалыптастыруда жолбасшылық, әдіснамалық қызмет болып табылады. Бұл орайда айта кететін жайт, діни сенімдер мен діндердің өзіндік салттары жинақтала келе, дәстүр құрамына өтумен келіп сабақтасатындығы. Себебі дәстүрдің өзінде де іштей сенім мен сезімге құрылған, әлдеқандай бір тысымдыққа бағдарланған ыңғайлар кездеседі. Мәселен, ырым-тиымдардың көпшілігі сенімге келіп тоғысып отырады. Мәселен, «айға қарап қолыңды шошайтпа», «отты үрлеме» деген сияқты талаптардың, алдымен, діни жағы басымдау екендігі түсінікті. Демек, сол діндердің немесе діни сенімдердің дәстүрдің қалыптасуына ықпалы тиіп отырған, бірақ діни сенімдер дәл сол күйінде емес, кейбір жақтары мен

қырлары өңделіп, бейімделіп барып пайдаланылған. Кей сәттерде, ең маңызды көрсеткіштері келіп дәстүрден орын тепкен.

2. Діндер мен діни сенімнің өзі көптүрлі. Тарихқа көз жіберсек, түркі халықтарының кейбірі кезінде, шамандық, тәңіршілдік, зорастрлықпен қатар буддистік, тіпті христиандық сенімді де қабылдаған. Бұған қоса, алғашқы діни сенімдер деп аталатын: тотемизм, анимизм, магия, фетишизм сияқты құбылыстарды да атап өтуге болады.

Бұлардың барлығы бүгінгі күні де қалдықтары мен сарқыншақтары арқылы ислам дінімен кіріктіріліп кетіп отыр. Бұны философтар былайша атап өтеді: «Характеризуя нынешнее состояние и степень укорененности ислама в общественном сознании казахов, исследователи называют его народным или бытовым исламом. Такое состояние или характеристика ислама, прежде всего объясняется его синкретизмом – в казахском исламе, наряду с положениями ортодоксального, суннитского ислама, органично переплетаясь, сосуществуют отдельные элементы таких домусульманских форм верований, как тотемизм, анимизм, фетишизм, культ природы и умерших предков, тенгрианство, шаманизм и др.» [4,86 б.].

Осындай сенімдер мен діндердің көптүрлілігі және олардың салт-дәстүр құрылымын қалыптастырудағы ықпалы оларды жіктеуде қиындықтар туғызады. Оның үстінде, алғашқы діни сенім элементтерінің өзі кейіннен діндердің құрамына өтіп, сақталып келгендігі де жасырын емес. Ендеше, көп жақты сенімге сәйкес, ата-салты да көпжақты, көпқұрылымды болып келуі заңды құбылыс. Бірақ, белгілі бір деңгейде оларды сұрыптап, өздерінің ыңғайына қарай бейімдеп, жүйелеп, іріктеп барып пайдаланғандығы да шындық.

3. Халқымыздың көне тарихына көз жіберсек, олардың мыңдаған жылдар бойғы қалыптасқан салттарына тоқталсақ, діни сенімдердің де осындай белестерден өткізілгендігін ескерсек, оларды тарихи қабаттар арқылы жүйелеу қажеттілігі туындайды. Демек, әрбір кезең мен дәуірде, олар бірте-бірте құрылып, қалыптасқандықтан, алдымен, тарихи кезеңдерді басшылыққа алу қажет.

Бұл да дәстүр мен діни сенім арақатынасындағы маңызды және күрделі мәселелердің бірі. Бұның күрделілігі, тарихтың өзі әзірге анық айғақтармен белгіленбеуінде, біз өз тарихымызды, көп жағдайда қытай, араб, орыс зерттеушілерінің мәліметтерінен аламыз. Сондықтан, діни сенімдердің түп уақыты, өте көне замандарда қалыптасқандығын ескерсек, бұл мәселенің барынша күрделі екендігін атап өтуімізге болады.

4. «Дәстүрге діни сенім қалай тасымалданған және не үшін олар сақталып қалған» деген сауалға жауап іздеп көруіміз керек. Егер дәстүрлеріміздегі діни сенімдерді жіктеп көрсетсек, қайсысының қай сенімге байланысты екендігін ұсынсақ, онда, алдымен сол сенімнің өзінің халқымыздың тарихи-мәдени өмірінде айтарлықтай ықпалды болғандығын бағамдай аламыз. Қашанда, ықпалды, өрісі кең және сол халықта мойындалған сенімдер өздерінің көріністерін қалдырып отырады. Олай болса, біздің салт-дәстүріміздің сол сенімге байланысты қырларының өзі, олардың кезінде барынша ықпалды болғандығын білдіреді немесе сол дәстүр сол діни сенімнің әсерлі туындысы болып шығады. Кез келген сенімнің, сонымен қатар, ықпалды жақтары, психологияға әсері күштілері ділде және қоғамдық санада сақталып қалады. Олай болса, белгілі бір діни сенімнің немесе діннің ділімізге айтарлықтай ықпал еткен жақтары ғана бүгінгі күнге дейін көшірілген деп айта аламыз.

5. Дәстүр сенімнен кей сәтте алшақтап кетуі де ықтимал. Белгілі бір сенімнен қалған салттар, заманауи талаптарға байланысты түрленіп, толықтырылып немесе сенімдік-сезімдік күші бәсеңдеп қалған болуы да мүмкін. Осы сәтте бұл да қиыншылықтар туғызатын мәселеге айналады. Немесе бір дәстүрде тек бір сенім ғана емес, көптүрлі сенім элементтері жинақталған болуы да әбден мүмкін. Сондықтан сол дәстүрге тереңірек үңіліп, қай сенімге қатысты екендігін де назарда ұстап отыру керек.

6. Дәстүр мен діни сенімнің өзара байланысы мәселесі туындайды. Дәстүр тек діннен ғана алынған деген біржақты көзқарас ұстануға болмайды. Өз кезегінде сол дәстүрдің өзі діни сенімді бекітуші, толықтырушы, ықпалын арттырушы қызмет те атқарған болуы да мүмкін. Сондықтан, дәстүр мен дін мәселесіндегі біріне-бірі ықпал етуші жақтарын да назардан тыс қалдырмауымыз қажет.

7. «Дәстүрдің діни сенім ықпалындағы көріністерін қайдан тани аламыз» деген сауал бойынша, ұлттық дүниетаным жалпы түсінік түрінде – тарих, өнер, әдебиет, миф құрылымдарын зерделеу қажеттігі туындайды және бүгінгі тіршілік ету салттарымыздың нақты көріністерін назарда ұстау керектілігі арта түседі. Бұл – өткенді бағалауға, сабақтастыруға және мираскорлықты сақтауға құрылып, тарихилықты негіздей алады және болашақты бағамдауға, бүгінгі күнгі даму үрдістерін қадағалап, қазіргі даму беталыстарын ұлттық негізде түйсінудің әлеуметтік ұстанымдарын жасап береді.

Дәстүр мен сенімнің арақатынасын пайымдағанда, дінтанулық, әлеуметтанулық, психологиялық, мәдениеттанулық қағидаларды ескеріп отыру керек. Мәселен, дәстүр мен халқымыздың ділінің, дүниетанымының арақатынасы көп жағдайда психологиялық ахуалдарға келіп тоғысады. «Ұлттық психологиялық сәйкестіліктің құрылымына индивидтің ұлттық мінез ерекшеліктерін бойына сіңіруі, ұлттық мүдделерді түсініп әрекет етуі, ұлттық өзіндік санасының жоғарылығы, ұлттық дәстүрлерді әдет-ғұрыптарды сақтауы, сонымен қоса жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгере отырып, өзге елдің өркениетті азаматымен өз ұлтының өкілі ретінде тең дәрежеде қатынас жасай алуы жатады», - деп тұжырымдаған психологтардың пікірі де осы мәселеге қатысты айтылса керек [5,12 б.]. Олай болса, дін мен дәстүрдің арақатынасы мәселесінде, ұлттық психология да назардан тыс қалмау керек. Бұл орайда, ұлттық өзіндік сана, өзін-өзі тану, өзіндік бірегейлену сияқты мәселелердің маңызы артады.

Сондай-ақ дәстүрді мәдениеттануға қарай, оның ішінде эстетикаға қарай бағдарлап зерделесек те, дін мен дәстүрдің арақатынасы мәселесіне кезігеміз. Ұлттық дүниетанымды зерттеуші ғалымдар байырғы қазақтардың әдет-ғұрпының, тіршілік ету дәстүрлерінің, таным-түсінігінің бойында әсемдікке, сұлулыққа, асқақтыққа бағдарланған тұтас жүйе бар екендігін байыптайды [6-8].

Олай болса, діни сенімдік түсініктердің өзі белгілі бір идеалдарға құрылатындығын ескеруіміз қажет. Сонда, дәстүр мен діни сенімнің эстетикалық қырларын тани алмыз. Мәселен, халқымыздың ойын-сауық жүйесі мен өнері эстетика мен асқақтық сезімді нығайтуға бағытталады.

Діни сенім жүйесінің салт-дәстүрлік құрылымы мынадай сакральдік жағдайда бүгінгі күн үшін мәлім болады:

1. Сиқыр мен магия: қастерлілік пен қорқу, үрей мен қорқыныш, сыйластық пен алдамшылық т.б. діни қастерлілік сезімді береді. Салттардың барлығы белгілі бір деңгейде ғылыми дәлелденіп немесе жаратылыстанулық

лабораторияда тексерілмеген. Сондықтан, халқымыздағы салттар кей жағдайда мистикалық сипат алады. Шығу тегінің түсініксіздігі маңызды болмай шығады да, оның сиқырлық жағы артады. Сондықтан, алғашқы діни сенімдердің қалдықтары бейне бір үрей мен қорқыныш арқылы да сақталады. Бұны кейбір ырым-тиымдардан анық байқауға болады. Бұның себебі, мыңдаған жылдар бойғы халқымыздың сана-сезімінің біздің таным түсінігімізде сақталып қалуы болып табылады. Бұл сәйкесінше архетиптер ілімімен келіп тоғысады.

2. Шығу тегі белгісіз архетиптер: біз үшін үрейлі түпмәнді қорқынышты ашады және белгісіз бағдарды бере салады. К.Г. Юнг ұжымдық бейсаналылық пен архетиптер ілімін таразылай келе, оны былайшы анықтап көрсетеді. Ол тұрақты архетиптерді адамның бейсанасындағы байырғы көріністердің бүгінгі күні сақталуы деп, оның әрбір адамға тән ішкі тереңдіктерде жатқандығын сараптайды. К.Г.Юнг архетип түсініктерден басқа психиканың әмбебап құрылымына қатысты формалар мен оның формальды нұсқаларын көрсетіп, мифологиялық архетип ретінде, ананы, жанды, қарт адамды, мәңгі жастықты, жануарды т.б. адам санасында көнеден үстемдік етуімен байланыстырады [9,87 б.].

Осы архетиптер жалпыадамзаттық болумен қатар ұлттық деңгейде де сақталып отырады. Бейнелеу өнеріндегі архетиптер мәселесімен шұғылданған Қ. Оразқұлова да белгілі бір халықтың жадында сақталатын бейсана элементтері кейде барша адамзаттықтан бөлектеніп, өзіндік бір тұрақты жүйені құрайтындығын, оны этноархетиптер деп атауға болатындығын пайымдайды да, оларды жіктеп көрсетеді [10,75-96 б.]. Олай болса, ұлттық архетиптердің салт-дәстүр мен әдет-ғұрып құрамында сақталуы заңды құбылыс. Олар да көп жағдайда, ақылмен түсіндіруді қажет етпейтін, түп шығу мәні белгісіз болып келетін болғандықтан, санада, дүниетанымда тұрақты түрде сақталып отырылады. Ендеше, дәстүрдің санада сақталған, кейбір түсіндірілмейтін көріністері қастерлі және үрейлік сипат алады және оны міндетті түрде орындауға қарай жетелейді.

3. Халықтың дүниетанымындағы парасатты емес көзқарастардың тоғысуы, бірақ оның қоғамдық сананы қанағаттандырып отыруы. Шындығында да, барлық салттар, өнер, сенім болмасын ақылмен түсіндіріліп отырылуы тиісті де емес шығар. Тек ғылым ғана ақыл мен теорияны қажет етеді. Ал дәстүр мен салт та, кей жағдайда, ақылмен түсіндірілуді қажет санамайды, тек санамызда орнықтырылып, сену мен сезімді басшылыққа алады.

Бұндай сенімдер іштей мойындалып, жүйеленіп, өз бетінше өмір сүре бастайды, сөйтіп, қоғамдық санада орнығады. Себебі, ол сол халықтың өмір сүрудегі руханиятын қанағаттандырады, өздігінше бір қажеттілік ретінде сақталады, ол қажеттілік, басқа бір баламалық қажеттіліктерді тауып алғанша сақталып тұрады. Бұл жердегі басты мәселе, қоғамдық пікір мен талғамды қанағаттандырып отыруы болып қалады. Сондықтан, бұл орайда, олардың тылсымдығы мен өзіндік ішкі сырына аса маңыз да берілмейді. Мүмкін олардың ішкі құпиялылығы ұмытылып қалып, тек формасы ғана сақталған болуы да ықтимал.

4. Діни сенімдер мен діннің рухани құндылықтарды қастерлендіру қызметіне байланысты әдет-ғұрып пен салт-дәстүр өздігінен құрметтеліп, тұтаса келе, ішкі сенімді нығайтып отырады. Діннің басты қызметтерінің бірі – рухани құндылықтарды бағалау, жалпы игіліктерді қастерлеу болып

табылатындығын ескерсек, салт-дәстүрдің дінге қатысты жақтары өздігінен құнды болып шығады.

Сондықтан діни сенім мен діндердің, қазақ жерінде қалыптасқан түрлері дәстүрді теріске шығара қоймады, керісінше оған өзіндік бір мән беріп, игілікті болып жалғаса түсуін қадағалап та отырған деп айта аламыз. Дәстүр құндылығы сенім арқылы бекітіліп, өзіндік бір жаңа арнаға тоғысты да, қайталап тұратын, ұмытылмайтындай сипат алды. Осы ұмытылмаушылық, наным-сенімдер ретінде әдет-ғұрыптың құрамына енді. Сонымен қатар, ырым-тиымдар да шығу тегі белгісіздеу болса да, дін арқылы үстемеленіп қалыптасты. Діни сенімнің элементтері тіршілік етудің салттарына айналды. Сондықтан олар өзіндік бір тылсымдықты иеленіп кетті.

5. Өткенге, тарихқа құрметпен қараушылық. Қазақ халқында да өткенді бағалау мен қастерлі санау, ата-бабаның жүріп өткен жолынан айнымау, ондағы салт-дәстүрді де сақтап отырумен ыңғайын тапты. Қазақ халқы үшін тарих, ата-бабасының жүріп өткен жолы т.б. өткеннің бүгінге жалғасуы іспетті болды. Сондықтан, біз тарихтағы дара тұлғаларды құрмет тұтып, ұмытылмастай етіп сақтап қалуға тырыстық.

Олар да салт-дәстүр арқылы өмір сүрді, демек, олардың іс-әрекеттері мен қызметтері ғұрыптық санадан ауытқыған жоқ. Өткенімізді қайта жаңғырту бүгінгі күннің де қажетті ізденістерін керек етіп келеді, ендеше, қазіргі заманғы көптеген ғылыми зерттеулер де тарихи мұраларды пайымдаумен, зерделеумен шұғылдану үстінде. Яғни, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың көнеден жалғасқандығы оның қастерлілігін арттыра түсті. Байырғы заманғы түсінік халқымыз үшін бағалы, құнды болып есептелгендіктен, дәстүріміздің сақталуы осы көнелікпен келіп тоғысып жатты.

**Қорытынды.** Ендеше, қазақ халқындағы дәстүршілдікпен тіршілік етудің діни сенімдік қырларын былайша жүйелеп ұсынуымызға болады. Қаһармандықты құрмет тұту тотемдік үлгілерді, хайуанаттарды қадірлеуді негізге алды. Бұл ұлттық ойындарымыздан дәстүр ретінде көрініс тапты. Ал жауынгерлік салттар осы қаһармандықтың шынайы көрінісіне айналды. Бұл қаһармандық физикалық жағынан күш-қуатты қажет етті де, оны да бағалауды туғызды. Ол алғашқы діни сенімдерден көрініс тауып, ата-бабаның ұрпаққа берілген мирасқорлығымен сабақтасты. Мәселен, ауыз әдебиетіміздегі батырлар жыры, қисса дастандар т.б. осы күшті басшылыққа алумен құрылды.

Ізгілік пен зұлымдық күресінің мифтегі көріністері, бейне бір Тәңірге жалбарынып, әділеттілікті сұраумен жалғасын тауып жатты. Ол жауынгерлік психологияда, ұран, бабалардың есімдерін ұмытпау сияқты іргелі сенімдермен, діни тағылыммен жалғасын тапты. Тазалық пен рухани ізгілік исламдық гигиеналық шарттармен сабақтасты. Ол тұрмыс кешудің салттарына айналды да, өзіндік бір дәстүр жүйесіне келіп өтті. Осы тұста: «Түркі қағанаты, қарахан дәуіріндегі халық тәлім – тәрбиесі ежелгі формаларға – миф, шаманизм, зорастринизм, суфизм, діни наным – сенімдерге негізделген» [11 32,9б.], - деген ой-пікірлер де осының айғағы екендігін ескергендігіміз жөн, демек, дәстүрдің діни сенімдер бойынша құрылған белгілерінің бар екендігін дәйектейді.

Дәстүрдің діни сенімдік қырлары өздігінше бір тұтас жүйе ретінде көрініс тауып, олар халықтың дүниетанымымен тұтасып бірігіп кетті. Бірақ қазақ халқы барлық діни сенімдер мен діндерді сол күйінде тұтас қабылдаған жоқ, өздеріне ыңғайлы бағыттары мен жолдарын, өздерінің таным-түсініктеріне сәйкес келетіндерін ғана қолайлы көріп, оны дәстүр ретінде

нығайтты. Осылайша, дәстүр діни сенімдер мен діндер арқылы толығып бүгінгі күнге дейін сабақтасты деп айта аламыз. Ендеше, аталған тақырыпты зерттеу үшін осындай сан қырлы діни сенімге негізделген салт-дәстүр мен әдет-ғұрып жүйесін құрылымдық-функционалдық тұрғыдан таразылап алуымыз қажет.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Ахметов, И. Қазақ спортының дамуындағы ұлттық патриотизм идеясы [Мәтін]: филос. ғыл.канд. дисс. / И. Ахметов. – Алматы, 2009.- 123 б.
2. Ермеков, Қ.Е. Қорқыт Ата – ойшыл философ [Мәтін] / Қ.Е. Ермеков, Б.М. Аташ. – Атырау, 2002. - 106 б.
3. Айдосов, А. Қорқытнама [Мәтін] / А. Айдосов. - Алматы: Жазушы, 1997. - 68 б.
4. Коянбаева, Г. Специфика религиозной ментальности казахов: к истории вопроса [Текст] / Г. Коянбаева, Л. Заурбекова // Эл-Фараби. - 2012. - №1. - Б.81-87.
5. Жүкешев, Қ.М. Қазақстан қоғамының қазіргі жағдайында ұлттық психологияның даму тенденциялары [Мәтін]: филос. ғыл. канд. автореф. Алматы, 1997. - 19 б.
6. Нұрланова, Қ. Человек и мир. Казахская национальная идея [Текст] / Қ. Нұрланова. - Алма-Ата: Қаржы-Қаражат, 1994. - 48 с.
7. Казыханова, А. Эстетическая культура казахского народа [Текст] / А. Казыханова. - Алматы: Ғылым, 1973. - 213 с.
8. Ғұзыхан, А. Қазақтардың дүниетанымы [Мәтін] / А. Ғұзыхан. - Алматы: Қазақ университеті, 1993. - 56 б.
9. Юнг, К.Г. Дух в человеке, искусстве и литературе [Текст] / К.Г. Юнг. - М.: ГПИ, 1996. - 243 с.
10. Оразқұлова, Қ. Қазақстан суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана философиясы [Мәтін]: филос. ғыл. канд. дисс. / Қ. Оразқұлова. - Алматы, 2010. - 124 б.
11. Жомирова, У. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы халықтық педагогика негіздері [Мәтін]: пед. ғыл. канд. дисс... автореф. / У. Жомирова. - Алматы, 2007. – 24 б.

Мақала редакцияға 29.03.22 түсті.

**Б. Аташ**

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

#### РЕЛИГИОЗНЫЕ АСПЕКТЫ ТРАДИЦИИ ПРЕДКОВ

**Аннотация.** Данная научная статья является демонстрацией особого места многовековых традиций и верований нашего народа в истории и культуре нации. Приоритет был отдан анализу на основе социальной философии того, что это священный процесс, который передается из поколения в поколение при соблюдении установленных ритуалов и по сей день. Таким образом, всесторонний анализ истории формирования этого верования и верования с акцентом на его структурный аспект, основанный на одном из религиозных критериев.

**Ключевые слова:** мифология, религия, вера, философия, генезис.



**B. Atash**

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

**RELIGIOUS AND RELIGIOUS ASPECTS OF ANCESTORAL TRADITION**

**Abstract.** This scientific article is a demonstration of the special place of the centuries-old traditions and beliefs of our people in the history and culture of the nation. Priority was given to the analysis on the basis of social philosophy that this is a sacred process that is passed down from generation to generation by respecting the established rituals to this day. Thus, a comprehensive analysis of the history of the formation of this belief and belief, focusing on its structural aspect, based on one of the religious criteria.

**Keywords:** mythology, religion, faith, philosophy, genesis.

**References**

1. Ahmetov, I. The idea of national patriotism in the development of Kazakh sports: philos. Ph.D. diss. - Almaty, 2009. - 123 p. [in Kazakh].
2. Ermekov, K.E. Korkyt Ata - a thoughtful philosopher. - Atyrau, 2002. -106 p. [in Kazakh].
3. Aydosov, A. Korkytnama.-Almaty: Writer, 1997. - 68 p. [in Kazakh].
4. Koyanbaeva G., Zaurbekova L. Specifics of the religious mentality of the Kazakhs: on the history of the issue // Al-Farabi. - 2012. – No.1. - P.81-87. [in Russian].
5. Zhukeshev, K.M. Trends in the development of national psychology in the current conditions of Kazakhstani society. Philos. science candid. author's ref. Almaty, 1997.-19 p. [in Kazakh].
6. Nurlanova, K. Man and the world. Kazakh national idea. - Alma-Ata: Finance, 1994.-48 p. [in Russian].
7. Kazihanova, A. Aesthetic culture of the Kazakh people. - Almaty: Science, 1973. - 213 p. [in Russian].
8. Guzykhan, A. The worldview of the Kazakhs. - Almaty: Kazakh University, 1993. - 56 p. [in Kazakh].
9. Jung, K.G. Spirit in man, art and literature. - Moscow: GPI, 1996. - 243 p. [in Russian].
10. Orazkulova, K. Archetypal image and collective unconscious philosophy in the works of Kazakhstani artists. Candidate of Philosophical Sciences.- Almaty, 2010.-124 p. [in Kazakh].
11. Jhomirova, U. Basics of folk pedagogy in the epic "Kutty Bilik" by Zhusup Balasagun. Candidate of pedagogical sciences author's dissertation Almaty RK, 2007. - 24 p. [in Kazakh].